

**ЖШС "Абзал" бөбекжай-балабақшасы
кезектен тыс педагогикалық кеңестің
Хаттамасы №2**

Шымкент қаласы

03.01.2026 жыл

Комиссия төрайымы: Малдыбаева Д.

Хатшы: Мусаева А.

Қатысушылар: Бөбекжай-бақшаның барлық педагог қызметкерлері. Барлығы: 6 педагог

Өткізу нысаны: кеңес

Күн тәртібінде:

1. 2026 жылы мемлекеттік аттестациялаудан өту. «Шымкент қаласының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің «2026 жылға арналған Шымкент қаласының мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесін бетіту туралы» 2023 жылғы 09 қарашадағы №741 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2024 жылғы №95 бұйрығын негізге ала отырып бөбекжай-бақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу.
2. Өзін-өзі бағалау жүргізу бойынша комиссия құрамын бекіту.

Тыңдалды:

1. Бүгінгі күннің кезектен тыс кеңесінде мекеме меңгерушісі сөз бастап, биылғы жылы «Шымкент қаласының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің «2024 жылға арналған Шымкент қаласының мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы» 2023 жылғы 09 қарашадағы №741 бұйрығына өзгерістер енгізіліп, «Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрілігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Шымкент қаласының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесінің бекітілген тізіміне сәйкес мекемеміз аттестаттаудан өтетінін айтты. Мекемеміздің өзін-өзі бағалау жүргізу және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі- Әдістемелік ұсынымдар) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңы (бұдан әрі-Заң),

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» ережелері және басқада білім беру ұйымдарының білім беру қызметтерін регламенттейтін білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленгенін, әдістемелік ұсынымдар мекемелердің өзін –өзі бағалауын ұйымдастыру мен өткізу кезіндегі біріңғай тәсілді және ашықтықты қамтамасыз етуге арналғанын, сондай-ақ мекемеде өзін-өзі бағалау жүргізу кезінде зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілерін атап өтті:

- 1) Білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары.
- 2) Тәрбиелеу және оқыту
- 3) Білікті педагогтардың болуы.
- 4) Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау.
- 5) Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз еті.
- 6) Тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

Екінші тақырып бойынша меңгеруші мекемеде «Өзін-өзі бағалау» жүргізу бойынша комиссия құрамын анықтау керектігін айтты. Мекемеде аттестаттау жұмыстарын жүргізу үшін өзін-өзі бағалау жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу үшін төмендегі құрамда комиссия құрамы құрылып, бекітілуін ұсынды.

Комиссия құрамы:

1. Малдыбаева Д.- комиссия төрайымы

Комиссия мүшелері:

2. Мусаева А.-әдіскер, хатшы;

3. Калыбаева А.–тәрбиеші, комиссия мүшесі.

Педагогтармен комиссия құрамы таныстырылып, комиссия құрамының жұмыс жоспары нақтыланды. Комиссия құрамына Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығын басшылыққа ала отырып өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізілетіні тапсырылды және 2026 жылдың 01-25 маусым айы аралығында бөбекжай-бақшаның ресми интернет –сайтына салынатынын айтты.

Шешім:

1. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығын негізге ала отырып 01-25 маусым айы аралығында өзін-өзі бағалау жүргізілсін.
2. Комиссия құрамы мен жұмыс жоспары бекітілсін.
3. Өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізілгеннен кейін уақытынан кешіктірілмей бөбекжай-бақшаның ресми интернет-ресурсына орналастырылсын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы

Хатшы:



Малдыбаева Д.

Мусаева А.